

## **Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылдық округінің Дауқара ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 22 тамыздағы № 20 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 тамызда № 29251 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Дауқара ауылы халқының пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 1 наурыздағы қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінің Дауқара ауылында келесі көшелері қайта аталсын:

Орымбай көшесін Орынбай Бертағыұлы көшесіне;

Совхозная көшесін Жәнібай Игібаев көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сырымбет ауылдық округі әкімі*

*Д. Сулейменов*